

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жаңақоныс ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 220 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 92 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.09.2023 № 92 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласының жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін қала тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*C. Бигеев*

Шалқар аудандық мәслихатының 2022  
жылғы 28 сәуірдегі № 220 шешіміне 1  
қосымша

**Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Шалқар қаласының тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтың бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны–қала тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## 2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін қаланың аумағы участкелерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Шалқар қаласының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Шалқар қаласының әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Шалқар қаласының әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Шалқар қаласының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Шалқар қаласының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін қала тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихат бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған тәраға мен хатшы қол қояды және ол Шалқар қаласы әкімінің аппаратына беріледі.

Шалқар аудандық мәслихатының 2022  
жылғы 28 сәуірдегі № 220 шешіміне 2  
қосымша

**Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін қала тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Көшелердің атауы	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерінің саны (адам)
1.	Шалқар қаласының О.Құлетов, Жилкооперация, Ж. Таушанов, 1 Мамыр, Батақтың Сарысы, Жамбыл, Абай, Алтынсарин, С. Маманов, Жылқаман батыр көшелері тұрғындары үшін	2
2.	Шалқар қаласының М. Әуезов, Т. Ахтанов, Байқазак батыр, Амангелді, Достан би, Е. Ерімбетов көшелері тұрғындары үшін	2
3.	Шалқар қаласының В.Цеханович, Е.Батырғарин, И. Доценко, Ә. Жангелдин, Мамай Достанұлы көшесі, Қызы Жібек, Т. Жалмағанбетов, Қарашоқат, Шілікті, Тұмалықөл, Шуақ көшелері тұрғындары үшін	2
4.	Шалқар қаласының Ы. Карагулин, З. Мұстафин, Питомник, Арас, Мөнке би, С. Жаманқұлов, Шоқысу көшелері тұрғындары үшін	2
	Шалқар қаласының Г.Резванов, Т.Алдияров, Ә. Биекенов, Ю. Гагарин, Ә. Мұңайтбасұлы, Москва, Д. Үмбетжанұлы, Ақтөбе,	

5.	Жана, И. Тұрғанбаев, Құлқай ата, Ораз би Тәтеұлы, Е. Ниязов, Ұлы Борсық, Мұзбел көшелері тұрғындары үшін	2
6.	Шалқар қаласының Жана құрылышы, Өртшілер, Тоқымашылар, Желтоқсан, Мырзыңғұл Шыманұлы, Г. Титов, Электр, Ульянов, Достық, Борсық көшелері тұрғындары үшін	2
7.	Шалқар қаласының Т. Шойгарин, Ш. Рафиков, Н. Қобландин, Ә. Сейітов, Т. Бисенов, Қара өткел көшелері тұрғындары үшін	2
8.	Шалқар қаласының Әйтеке би, Қ. Ақшолаков, Мәуміт батыр, Ж. Жармағамбетов, Достық, Көл, Клуб, И. Үргенішбаев, Ә. Молдагұлова көшелері тұрғындары үшін	2
9.	Шалқар қаласының Қ. Қонақбайұлы, Ақтан Ақайұлы, Бейбітшілік, Есет Көтібарұлы, Көл жағалауы, Қазанғап, Н. Юсупов, Ж. Дүйісов, Бақ, А. Жұбанов, Т. Көшербаев, Оңтүстік көшелері тұрғындары үшін	2
10.	Шалқар қаласының Ұран Бақтыбай, Т.Басенов, Алшын Қаражігіт би, Б. Сүлейменов, М. Сыдықұлы, Ж. Мекебаев, Н. Жақсыбаев, Е. Жаңбыршин, Ә. Төлегенов, Ә. Құрманов, Мектеп, Космонавттар, М. Мамедова көшелері тұрғындары үшін.	2
11.	Шалқар қаласының А.Тихонов, Дала, Шетырғыз, Өнер, Талдықұм, Ә. Байсалбаев, Жастар, Өндіріс, Солтүстік шоссе, Ы. Нұртаев, Құрмангазы, Елтезер, Жәлімбет, Х. Есбосынов, Энергетиктер, Кіші, Н. Кенжебаев, Н. Тәжібаев, Сазтөбе көшелері тұрғындары үшін	2
12.	Шалқар қаласының Көкжиде, Сарықамыс көшелері тұрғындары үшін	1
	Шалқар қаласының Тағыберген Жамашұлы, Женіске 40 жыл, О. Ақжанов, Еңбек, С.Боранбайұлы, Д. Қалағанов, Бостандық, Байланыс, Ү. Адилшинов, Ақирек,	

13.	Наурыз, Ынтымақ, Аяқкүм, Ы. Абдуллин, Мәдениет, Т. Жұмағалиев, Қазакай Ахун, 2 Ерназар Бекет, Б. Тұңғатаров, Ә. Жанаманов, Ағайынды Қалжановтар, Қ. Сәлпенов, Ж.Қабақбаев, М. Қадыров, Е. Жоламанов, Қ. Қаратайұлы, Жанұзаковтар көшелері тұрғындары үшін
Барлығы	25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК